



**Қызмет туралы қорытынды есеп**  
**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ**  
**Есепті кезең: 2023 жыл**  
**Маңғыстау облысының дін істері басқармасы**

**«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ**  
**Астана 2023**

## **Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператордың 2023 жылғы қызметінің нәтижелері туралы есебі**

### **1. Гранттарды орналастыру есебінің басталу және аяқталу күні**

Мемлекеттік органның сайтында жарияланған «Маңғыстау облысының дін істері басқармасы» ММ басшысының бұйрығымен бекітілген гранттар беру және олардың іске асырылуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларының 29-тармағына сәйкес, жұртшылықты ақпараттандыру мақсатында, бекітілген жоспар уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Оператор өзінің интернет-ресурсында хабарландыруды қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Сонымен, 2023 жылдың 27 қаңтарында конкурс туралы хабарландыру жарияланды.

<https://cisc.kz/48534-48534.html>

### **1. Есепті кезеңде орналастырылған гранттар бағыттарының саны:**

Ағымдағы жылы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдар үшін гранттар мен сыйлықақылар туралы» заңның (бұдан әрі – заң) 5-бабына сәйкес Оператор «Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу» және «Интернет-кеңістікте радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыру үшін қарсы насихат материалдарын дайындау және жылжыту» бағыты бойынша 2 жобаны іске асырды.

### **3. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саны**

Ағымдағы жылы оператор ҮЕҰ үшін мемлекеттік гранттар беру бойынша 1 конкурс өткізді. Келіп түскен өтінімдердің жалпы саны 4 ҮЕҰ-дан 4 өтінімді құрады.

Гранттық тақырыптар бойынша өтінімдер саны:

№	Жобаның атауы	Өтінімдер саны
1.	«Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу»	2
2.	«Интернет-кеңістікте радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыру үшін қарсы насихат материалдарын дайындау және жылжыту»	2

Конкурстық рәсімдердің нәтижелері бойынша сараптама комиссиясы жеңімпазды анықтап және оператор 2 (екі) ҮЕҰ-мен 10 000 000 теңге сомасына 2 (екі) шарт жасасқан, атап айтқанда:

№	Басым бағыт	ҮЕҰ-мен шарт жасасу нөмірі мен күні	Ұйымның атауы	Грант сомасы	Үнемдеу сомасы	Игеру сомасы
---	-------------	-------------------------------------	---------------	--------------	----------------	--------------

1	Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	2023 жылғы 10 сәуірдің №65		5 000 000	-	5 000 000
2	Интернет-кеңістікте радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыру үшін қарсы насихат материалдарын дайындау және жылжыту	2023 жылғы 10 сәуірдің №66		5 000 000	79 612	4 920 388
<b>Барлығы:</b>				<b>10 000 000</b>	<b>79 612</b>	<b>9 920 388</b>

#### **4. Есепті кезеңде іске асырылған гранттар саласы**

Есепті кезеңде грант «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту» саласы бойынша іске асырылды.

#### **5. Гранттарды іске асыруға есепті кезеңде мемлекеттік көздерден бөлінген қаражаттың жалпы сомасы**

Мемлекеттік гранттарды оператор Мемлекеттік бюджет қаражатынан Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген салалар шеңберінде және Мемлекеттік орган оператормен жасасатын үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттар беру үшін ақша қаражатын беру туралы шарт негізінде береді.

Әлеуметтік жобаларды іске асыру мақсатында оператормен конкурстық рәсім өткізіліп, жеңімпаз анықталды.

Жалпы сомасы 10 000 000 теңгеге грант беру туралы 2 шартқа қол қойылды.

Сонымен қатар, әлеуметтік жобаларды іске асыру қорытындысы бойынша жалпы сомасы 79 612 теңгеге үнемдеу қалыптасты, тиісінше орталық пен грант алушы арасындағы шартқа өзгерістер енгізілді, онда грант қаражатының жалпы сомасы 9 920 388 теңгені құрады.

#### **7. Есепті кезеңде бюджеттен тыс көздерден гранттарды іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы**

Есепті кезеңде Маңғыстау облысының дін істері басқармасы мемлекеттік гранттарды іске асыру кезінде бюджеттен тыс көздерді тартқан жоқ.

#### **8. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған қазақстандық ұйымдар қатарындағы әріптестер туралы ақпарат**

1-қосымшаға сәйкес ақпарат

**9. Есепті кезеңде гранттарды іске асыруға тартылған халықаралық (шетелдік) ұйымдардың қатарындағы әріптестер туралы ақпарат**

Жобаны іске асыру кезеңінде халықаралық, шетелдік әріптестер болған жоқ.

**10. Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

3-қосымшаға сәйкес мәліметтер

**11. Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар, әлеуметтік бағдарламалар туралы мәліметтер**

4-қосымшаға сәйкес мәліметтер

**12. Гранттарды іске асыру шеңберінде жобалардың нәтижелері бойынша жалпы қорытындылар мен ұсынымдар**

**Грант сомасына қатысты**

1. 2023 жылы Маңғыстау облысы Маңғыстау облысының дін істері басқармасы тапсырысы бойынша жалпы сомасы 10 млн.теңгеге 2 басым бағытқа мемлекеттік гранттар беруге арналған конкурстық рәсімдерге тек 4 ҮЕҰ қатысты.

Осыған байланысты, ҮЕҰ тарапынан конкурстық рәсімдерге қатысуға қызығушылықты арттыру үшін ақша сомасын бір нақты грантқа ұлғайтуды ұсынамыз, осыған орай ҮЕҰ-ның конкурстық рәсімдерге қатысуға қызығушылығын арттырады.

**Гранттық жобаларды іске асыруға қатысты**

2. Жобаларды іске асыру тәжірибесі көрсеткендей, қаржыландырудың белгіленген тетігі (30% аванстау, кейіннен 30% шегеріп транштар беру) грант қаражатын уақтылы игермеу және қойылған міндеттерді сапасыз орындау нәтижесінде тәуекелдер туғызады.

Осыған байланысты 80% көлемінде аванс төлей отырып, гранттық жобаларды қаржыландыру тетігін қайта қарауды ұсынамыз.

Қорытындылай келе, жалпы «Маңғыстау облысының дін істері басқармасы» ММ гранттық жобасы бойынша жоспарланған іс-шаралардың уақтылы орындалуы, сондай-ақ индикаторларға қол жеткізудің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілгенін атап өтеміз.

**Басқарма төрағасы**

**Л. Диас**

Есепті жасау күні: 2023 жылғы «15» желтоқсан

№	Жобаның атауы	Компанияның атауы	Басшының толық аты-жөні	Байланыс мәліметтері
1	«JasART» жеке меншік мекемесі. Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, «Jasart Talks» жобасы	Маңғыстау облысының дін істері басқармасы	Кәдеш Қажымұқан	
2		Маңғыстау облысының жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы	Мұқаш Оралбай Данәлұлы	87013437134
3		Н.Жантөрин атындағы Маңғыстау облыстық драма театры	Мерғалиева Гүлсина Бақытжанқызы	87476456402
4		Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармалары:  1. Маңғыстау облысының ішкі саясат басқармасы 2. Мұнайлы аудандық ішкі саясат басқармасы 3. Түпқараған аудандық ішкі саясат басқармасы 4. Қарақия аудандық ішкі саясат басқармасы Ақтау қалалық ішкі саясаты (қолдау хат жалғанды)	Қуанышбеков Батырхан	87026908180
5		Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталықтары: 1. Маңғыстау облысының жастар ресурстық орталығы; 2. Мұнайлы аудандық жастар ресурстық жастар ресурстық орталығы; 3. Қарақия аудандық жастар ресурстық орталығы; 4. Түпқараған аудандық жастар ресурстық орталығы; 5. Бейнеу аудандық жастар ресурстық орталығы; Маңғыстау аудандық жастар ресурстық орталығы (қолдау хат жалғанды)	Бархандинова Гүлмира	87013230737
6		Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ (қолдау хат жалғанды)	Амангүл Әбдіғалиқызы	87011585252
7		Маңғыстау облысының білім басқармасы (қолдау хат жалғанды)	Айжақсы Жылқыбайқызы	87013505807
8		«Маңғыстау медиа» ЖШС (қолдау хат жалғанды)		87012475280

№	Жобаның атауы	Компанияның атауы	Байланыс мәліметтері
1	«Көмек командасы» қоғамдық қоры. Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту.	«CaspianToday.kz» ақпараттық агенттігі	+7 702 439 9979

**Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру  
саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес  
ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**

«JasART» жеке меншік мекемесі

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):**

Исаева Алия Жангельдикызы

**3. Заңды мекен-жайы, Байланыс телефоны:**

87764787229

**4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік  
бағдарламаның атауы (Сала):**

Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету  
бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу, «Jasart Talks» жобасы

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске  
асыру кезеңі:**

Мамыр – Қазан 2023 жыл

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:  
5 000 000 (бес миллион) теңге.**

**Есепті кезеңде үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор арқылы гранттарды іске асырған үкіметтік емес ұйымдар туралы мәліметтер**

**1. Үкіметтік емес ұйымның толық атауы:**

«Көмек командасы» қоғамдық қоры.

**2. Үкіметтік емес ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса):**

Айтбай Қанат Сәлімгерейұлы

**3. Заңды мекен-жайы, Байланыс телефоны:**

+7 702 439 99 79

**4. Грантты іске асыру шеңберіндегі әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның атауы (Сала):**

Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту.

**5. Грант шеңберінде әлеуметтік жобаны, әлеуметтік бағдарламаны іске асыру кезеңі:**

Мамыр – Қазан 2023 жыл

**6. Грантты іске асыруға бөлінген қаражаттың жалпы сомасы:**  
4 920 388 (төрт миллион тоғыз жүз жиырма мың үш жүз сексен сегіз) теңге.





## Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар туралы мәліметтер

Әлеуметтік жобаның атауы: «JasART» жеке меншік мекемесі.

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың орындалуының толықтығы):**

**1. міндет.** Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлғаны Маңғыстау өңірінде өтетін шараларға қатыстыру;

**№1 әрекет.** Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 5 (бес) тұлғалармен заманауи еркін форматта кездесу өткізілді.

**№2 әрекет.** Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог яғни спикерлер шақырылды.

Философия ғылымдарының кандидаты, ЕҰУ Дінтану кафедрасының меңгерушісі, дінтанушы, теолог Кеңшілік Тышқан

Филология ғылымдарының кандидаты, ұстаз, ғалым, абайтанушы, жазушы, аудармашы, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіпшіғармашылығын зерделеуші Омар Жәлел

Ырыскелді қажы атындағы мешіттің бас имамы, әлеуметтік желінің «жұлдызы» атанған теолог, дінтанушы Нұрлан қажы Асанов Байжігітұлы

Парапсихолог, ҚР Халық емшісі, Халықаралық дәрежедегі кәсіби коуч, дінтанушы, ғылым кандидаты - Айнұр Әбдірасілқызы

Балалар жазушысы, әдебиет сыншысы, алаштанушы-ғалым, ҚР Үкіметінің Дарын жастар сыйлығының лауреаты, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Елдос Тоқтарбаймен кездесу өткізілді.

**2. міндет.** Жобаны іске асыру шеңберінде өткізілетін шаралар TedX форматында болуын қамтамасыз ету;

**№1 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматындағы кездесу өткізілді.

**№2 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу Маңғыстау облысына қарасты аудандарда, Қаражанбас кен орнында өтеді. Атап айтсақ, Ақтау қаласы – 3 рет, Жаңаөзен қаласы- 2 рет, Мұнайлы ауданы-1 рет, Түпқараған ауданы-1 рет, Қарақия ауданы -1 рет Қаражанбас кен орны -1 рет артығымен ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, Спикерлердің келуін тиімді пайдаланып басқа аудандарға да «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу ұйымдастырылды.

«Jasart Talks» TEDx форматында кездесу

31 мамыр, Кеңшілік Тышқан, **Жаңаөзен** қаласында өтті.

1 маусым күні, Омар Жәлел, **Қаражанбас** кенорнында өтті.

**3.1** 1 маусым күні, Нұрлан Байжігітұлы, сағ: 14.00 – де, Оңғарсынова атындағы аудандық орталық мәдениет үйінде, **Мұнайлы ауданының** тұрғындарымен кездесу өтті.

**3.2.** 1 маусым күні, Нұрлан Байжігітұлы, сағ: 16.00 – де, Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында, **Ақтау қаласының** тұрғындарымен кездесу өтті.

**3.3** 2 маусым күні, Нұрлан Байжігітұлы, сағ: 16.00 – де, Мұнайшы мәдениет үйінде, **Жаңаөзен қаласының** тұрғындарымен кездесу өтті.

14 маусым күні, Түпқараған ауданы мәдениет үйі, Айнұр Әбдірәсілқызы – **Түпқараған ауданының тұрғындарымен** кездесті.

16 маусым күні, Ақтау қаласы, Жастар үйінде, Айнұр Әбдірәсілқызы **Ақтау қаласының тұрғындарымен** кездесу өтті.

**5.1** «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу 15 қыркүйек күні, сағ: 11.00 – де, **Қарақия ауданы, Құрық кентінің** жұртшылығымен кездесу өтті.

**5.2.** 15 қыркүйек күні, сағ: 15.00 – де, Маңғыстау облысы, **Ақтау қаласының жұртшылығымен** кездесу өтті.

**3. міндет.** Кем дегенде 3000 жасқа, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс алынуы тиіс;

**№1 әрекет.** Әр «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізетін **спикер толық ақпарат беріліп, арнайы** афиша немесе бейнеролик дайындалып, әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларымызда және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы аккаунттары тартылды.

**№2 әрекет.** Діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алуға арналған әлеуметтік желіден сауалнама жүргізілді. Сондай-ақ, 0.1 % яғни 20 қатысушылардан сауалнама алынды.

**4. міндет.** Жоба аясында өткізілетін шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз ету.

**№1 әрекет.** **Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Қарақия ауданы, Түпқараған ауданындағы** әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және **Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері,** білім беру ұйымдарының қызметкерлері Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындары қатысты.

**5. міндет.** Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жариялау;

**№1 әрекет.** «Jasart Talks» TEDx форматында кездесу өткізген **Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Қарақия ауданы, Түпқараған ауданындағы** әртүрлі салада мектепте немесе колледж, университет қабырғасында оқып жүрген жастар, ауыл тұрғындары және **Қаражанбас кен орнының жастары, қызметкерлері,** білім беру ұйымдарының қызметкерлері, Маңғыстау облысының қонақтары мен тұрғындарынан жеке-жеке сұхбат алынды.

**№2 әрекет.** «JasArt» жеке меншік мекемесінің ресми және парақшасына пікір сұхбат ролигі әлеуметтік желілердегі ресми парақшаларында және өңірлік көшбасшылардың, Маңғыстаудың белсенді азаматтарының, блогерлердің парақшаларында, сондай-ақ облыстық БАҚ арқылы аккаунттары тартылып, @jasartmangystau және jasart Mangystau парақшаларымызға қысқаша видео ролик жасап, әр өткізілген шараны тұрақты түрде жариялап отырды.

**6. міндет.** Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсіру;

**1 әрекет.** Ақтау қаласы, Жаңаөзен қаласы, Мұнайлы ауданы, Түпқараған ауданында, «Қаражанбас» кен орындарында өткізілген «JasartTalks» TEDx форматында кездесу басынан соңына дейін толық видео түсірілді.

**№2 әрекет.** Өткізілген әр кездесудің видеосі арнайы монтаждалып, «JasArt» жеке меншік мекемесінің ютуб парақшасына жарияланды.

**№3 әрекет.** «Jasart Talks» атты TEDx форматында кездесу өткізген спикерлердің айтылған афоризмдері жеке - жеке видео үзінділері жарияланып, таратылды.

**1) әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсатына қол жеткізу және алынған нәтижелер:** Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

**2) мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** Танымал тұлғаларды тарту арқылы діни тұрақтылықты қамтамасыз ету бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу жұмыстары толық орындалды. Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог жас ұрпақтың көкейіне ой салып, үлгі көрсетіп жүрген кемінде 5 (бес) тұлғалармен «Jasart Talks» TEDx заманауи еркін форматындағы кездесу өткізілді. Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериалын түсірілді.

**3) жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі, сондай-ақ жоспардан ауытқулардың негіздемесі, егер бар болса: ауытқулар анықталған жоқ.**

**4) әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу.**

“JasART” жеке меншік мекемесі Маңғыстау облысында TEDx заманауи еркін форматындағы кездесулер қаншалықты керек немесе қажеттілігін анықтау мақсатында әлеуметтік зерттеу жасалды.

Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог жас ұрпақтың көкейіне ой салатын тұлғалармен кездескің келе ме? Кездескің келсе кімдер?» деген сияқты сұрақтар қойылды.

Әлеуметтік зерттеуге облыс бойынша 300 жас қатысты, оның 51%-ы әйел (155,5 адам), 49%-ы (144,5 адам) ер адам.

Жеке бас құпиялығын сақтай отырып, жүргізілген сауалнамада жастардың көбісі өңірде маңызды кездесулер қажет деп

есептейді екен. Сауалнамаға қатысқан жастардың 60,1%-ы тұлғалармен кездесуді қалап, 12,9% - ы жоқ немесе маған бәрі-бір деген жауап қалдырған.

**Жоба қорытындысы бойынша:**

Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлға шақырылып, TedX форматында кездесу өткізіліп, тұрғынға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс үшін сауалнама алынып, шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысуын қамтамасыз етілді. Әр өткізілген шарадан кейін кемінде 5 адамнан шара туралы сұхбат алып, видеоға түсіріп, жарияланды. Әр өткізілген шараны басынан соңына дейін толық видеоматериал түсірілді.

**Жастар Мырзабаева Альбина** – мен 4 кездесуде болдым, спикерлердің әр сөзін түсіндім, айтқан сөздері арқылы дамыту үстіндемін. Мен сияқты жастар яғни көрермендер риза болып жатқаны, алдын- алу шаралары, болған оқиғаларды баяндауы мені толғандырды сабақболады өзіме, Бұл жоба тоқтамау керек, жастарға керек. 87003623402

**2. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:**

Гендерлік көрсеткіш											
Жобаға қатысушылардың саны барлығы						Ерлер			Әйелдер		
300						30			70		
Социальный статус по категориям											
Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйым жұмысшылары	Мүгедектер	Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде:	Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Оның ішінде			
								Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
300		87	-	-	1	-	-	2	10	-	-
<b>возрастной показатель:</b>											

Жобаға қатысушылардың саны барлығы	13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және жоғары
300	20	68	4	2	6		

### 3. Жоба нәтижелері:

**1) көрсетілген нысаналы топтар жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық көрсеткіштерді сипаттай отырып):**

Жоба аясында Қазақстанға танымал, әлеуметтік желіде оқырманы көп дінтанушы, исламтанушы, мәдениеттанушы, тарихшы, саясаттанушы, психолог т.б. кемінде 5 тұлға шақырылып, TedX форматында кездесу өткізілді.

Тұрғындарға діни экстремизм мен терроризмнің таралуын алдын алу бойынша ақпарат беріліп, олардан кері байланыс үшін сауалнама алынғанда, көрермендер риза!

Шараға әр-түрлі санаттағы аудиториялардың (жастар, өндіріс жастары, мұнай саласының мамандары, ауыл тұрғындары, білім беру ұйымдарының қызметкерлері) қатысты, көкейіндегі сұрақтарға жауап алды.

**2) жобаның іске асыру барысында шешілетін проблемаға ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң / теріс өзгерістердің негіздемесі):**

**3) іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:**

## Есепті кезеңде грант шеңберінде іске асырылған әлеуметтік жобалар туралы мәліметтер

**Әлеуметтік жобаның атауы:** Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл-күйді азайту.

**1. Сандық көрсеткіштерді келтіре отырып, әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның барлық іс-шаралары бойынша жалпы ақпарат (іс-шараның күні, орны, тақырыбы мен нысаны, қатысушылар саны, жоспарланған іс-шаралардың орындалуының толықтығы):**  
**1-міндет. Тақырыпты қамту үшін беделді органдар әзірлеген материалдарды интернет кеңістігінде ұйымдастыру және тарату.**

**1-іс-шара.** Маңғыстау облысында үлкен аудиторияны қамтитын Instagram және Tik-tok парақшаларында бейнероликтерді тарату. Маңғыстау облысының дін істері басқармасы әзірлеген 20 бейнероликті Маңғыстау облысында 50 000-нан астам жазылушысы бар 5 Instagram беттерінде таратылды. 20 бейнематериал 50 000 оқырманнан астам парақшаға салынды. 5 жергілікті блогердің парақшаларына жарияланды.  
<https://disk.yandex.kz/client/disk/%D0%91%D0%BB%D0%BE%D0%B3%D0%B5%D1%80%D0%BB%D0%B5%D1%80>

Блогерлер:

Айтгүл Бисенбай <https://instagram.com/aitgulbissenbay?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==>

Бибігүл Рамазанова <https://instagram.com/bibigulramazanova?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==>

Алтай Мекебаев [https://instagram.com/altay\\_mekebayev?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==](https://instagram.com/altay_mekebayev?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==)

Индира Сәтенбай [https://instagram.com/indira\\_satenbai?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==](https://instagram.com/indira_satenbai?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==)

Жанар Өмірбай. <https://instagram.com/janaromirbai?igshid=MmVIMjlkMTBhMg==>

Маңғыстау облысы Дін істері басқармасы әзірлеген 20 видеоролик өңірдегі 5 блогердің парақшасына жарияланды. Бейнематериалдардың қамтылу аумағы кеңейді.

**2-іс-шара.** Әлеуметтік желі беттерінде ақпараттық материалдарды таргеттеу. Маңғыстау облысының дін істері басқармасына тиесілі әлеуметтік желілер беттерінде 6 материалды таргеттелді. 1 материалдың жалпы қамтуы орташа есеппен 25000 адамды құрайды. Маңғыстау облысы Дін істері басқармасы дайындаған діни радикализмді азайтуға бағытталған видеоматериалдар облыстағы әлеуметтік желі қолданушылары арасында кең таралды.  
<https://drive.google.com/drive/folders/1q74Wh1uIwbRuvJiXbjcheOW5gZLE5RW?usp=sharing>.

**2-міндет. Тұрғындар арасында тарату үшін ақпараттық-тарату материалдарын әзірлеу және дайындау**

**1-іс-шара.** Ақпараттық брошюралар шығару және тарату. Деструктивті діни ағымның алдын алу бойынша 2000 дана ақпараттық брошюра әзірленді. Дизайн Тапсырыс берушімен келісіліп әзірленді. Дайындалған брошюралардың 600 данасы Ақтау қаласы 3 шағын ауданда орналасқан Халыққа қызмет көрсету орталығында таратылып, ақпараттық үстел үстіне қойылды. 300 дана брошюра Жаңаөзен қаласының орталық мешітіне берілді. 1100 дана Ақтау қаласының орталық көшелерінде азаматтарға таратылды. Таратылған аймақтар: Ақтау қаласы 26 ш/а орталық мешіт алдында, 22 ш/а Рахат базары

аялдамасында, 26 ш/а Достық сауда үйінің алдында, 31 ш/а Сары базар аялдамасында.  
[https://docs.google.com/document/d/1kpxKKBY\\_23HnV6jOG5aACq9jH\\_oM26bM/edit?usp=sharing&ouid=110691075689820045406&rtpof=true&sd=true](https://docs.google.com/document/d/1kpxKKBY_23HnV6jOG5aACq9jH_oM26bM/edit?usp=sharing&ouid=110691075689820045406&rtpof=true&sd=true)

**2-іс-шара.** Әлеуметтік желілерде тарату үшін демотиваторлар әзірлеу және Ақпараттық баннерді ай сайын Ақтау қаласының көшелерінде жарнамалық бейне экрандарда жариялау. 20 демотиватор Маңғыстау облысы Дін істері басқармасының Инстаграм парақшасында және 6 ақпараттық баннерді Ақтау қаласындағы Лэд-экранға жарияланды. 20 демотиватор және 1 ақпараттық баннерді жариялау (ай сайын) радикалды идеологиялар мен деструктивті ағымдар туралы қысқа месседжді жеткізуде жасөспірімдердің, жастардың назарын аударуға мүмкіндік береді.

<https://drive.google.com/drive/folders/1WEH8SzmzE1Wq9UFwiM2O0ovvjnARkEt?usp=sharing>

**3-іс-шара.** Дін саласына қатысты тақырыптық мақала әзірлеу. Қоғамды сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету және азаматтардың радикалды идеологияларға тартылуының алдын алу мақсатында 30 мақала дайындап, жарияланды. Дін саласына қатысты тақырыптық мақала әзірлеу өңірдегі радикалды көңіл-күйді азайтуға және танымдық академиялық салада дайындалған ақпараттарды қамтылуына мүмкіндік береді.

<https://drive.google.com/drive/folders/186xjSoIQ-PFksPOnbKp3npQRarUMTh66?usp=sharing>

**4-іс-шара.** Ұлттық құндылықтарды дәріптеу және отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында тик-ток парақшасына ай сайын қысқа бейнероликтер дайындау. Тик-Ток және Инстаграм парақшаларында жариялауға арналған 48 видеоролик әзірленіп, тапсырыс берушіге жіберілді. Бейнероликтер Дін істері басқармасының мақұлдауымен әзірленді. Дайындалған видеороликтерді Маңғыстау облысы Дін істері басқармасының ресми әлеуметтік желідегі парақшаларында жарияланады.

<https://disk.yandex.kz/client/disk/%D0%92%D0%B8%D0%B4%D0%B5%D0%BE%D0%BB%D0%B0%D1%80%20%D0%BC%D0%B8%D0%BD%D1%83%D1%82%D1%82%D1%8B%D2%9B>

**3-міндет. Жоба тақырыбы бойынша белсенді қызмет жүргізетін сарапшылар мен мамандарды тарта отырып, сапалы контентті арттыру**

**1-іс-шара.** Теологтармен, дінтанушылармен және қоғам қайраткерлерімен подкаст түсіру және тарату. «Caspian Today kz» ақпараттық агенттігінің базасында теологтармен, дінтанушылармен және қоғам қайраткерлерімен подкаст түсірілді. Дін саласындағы радикалды көңіл-күйді азайту және отбасы құндылықтарын насихаттауға бағытталған теологтармен, дінтанушылармен және қоғам қайраткерлерімен 5 подкаст түсірілді. Дін саласына және отбасы құндылықтарын насихаттау саласындаға мамандармен подкаст түсіру – қоғамдағы әсіресе жас буынды мазалап жүрген сұрақтарды көтеріп, талқылап, жауабын табуға мүмкіндік береді. <https://drive.google.com/drive/folders/1do3MjpFWSRTaH7ciiV7fAVgJEpgiDd0x?usp=sharing>

**2-іс-шара.** Қарсы насихаттау жұмыстарын жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында семинарлар ұйымдастыру және өткізу. Әлеуметтік желі парақшаларын жүргізу алгоритмдері» тақырыбына семинар өткізілді.

Өткізілген күні 28.06.2023 ж.

2-семинар:

«PR және коммуникация: Ұйымның қоғаммен байланыс қызметінің тиімділігін арттыру»



Өткізілген күні: 30.10.2023 ж.

Семинарлардың спикерлері: ҚР Журналистер Одағының мүшесі, Caspiantoday.kz ақпараттық агенттігінің директоры Айтбай Қанат Сәлімгерейұлы және ҚР Журналистер Одағының мүшесі, MangystauTV телеарнасының аға-редакторы Хайруллина Сағира Өтепқызы болды.

<https://www.instagram.com/p/CzD0E8KtbhV/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

<https://www.instagram.com/reel/CuEqTnlJHID/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>

**1) әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның мақсатына қол жеткізу және алынған нәтижелер:**

**2) мақсатқа жету (фактілерді сипаттау және мақсатқа жету туралы дәлелдерді көрсету):** «Маңғыстау облысында позитивті діни мазмұнды қамтамасыз ету және радикалды көңіл күйді азайту» әлеуметтік жобасы аясында өңірде әсіресе әлеуметтік желі арқылы сапалы діни ақпараттар таратылды. Ең алдымен облыс аумағындағы 50 000 оқырманнан астам инстаграм парақшасы бар блогерлермен келісім жүргізілді. Әрқайсысы Маңғыстау облысы дін істері басқармасы дайындаған 20 бейнероликті Инстаграм әлеуметтік парақшасына жүктеп, оқырмандар арасында кең таратты. Дін істер басқармасының ресми әлеуметтік желідегі парақшасында 6 бейнематериал таргеттеліп, қамтылу аумағын кеңейтті. Тұрғындар арасында тарату үшін ақпараттық-тарату материалдарын әзірлеу және дайындау бойынша 2000 дана ақпараттық брошюра әзірленіп, Ақтау қаласы мешіті мен орталықтарында, Халыққа қызмет көрсету орталығында, Жаңаөзен қалалық мешітінде таратылды. Бұл әлеуметтік желіні жиі пайдаланбайтын буын үшін өте қолайлы іс-шара болды. Ақтау қаласы көшелерінде Лед-экрандарға ақпараттық баннерлер ілінді. Тақырыптың аясын кеңейту мақсатында теолог, дін қызметкерлері мен азаматтық белсенділермен подкасттар түсірілді. Мемлекеттік қызметкерлерге біліктілікті арттыру бойынша семинарлар өткізілді.

**3) жоспарланған нәтижелердің алынған нәтижелерге сәйкестігі, сондай-ақ жоспардан ауытқулардың негіздемесі, егер бар болса: ауытқулар анықталған жоқ.**

**4) әлеуметтік жобаның, әлеуметтік бағдарламаның аяқталуы және/немесе іске асырылуы барысында болған әлеуметтік және басқа да өзгерістерді өлшеу**

Әлеуметтік жобаны іске асыру барысында Маңғыстау өңіріндегі әлеуметтік желі қолданушылары арасында Маңғыстау облысы дін істері басқармасы дайындаған дін және теологиялық тақырыптағы және радикалды көңіл-күйге қарсы насихатқа бағытталған бейнероликтер кең тарады. Дін саласының және теолог мамандардың лекцияларынан діни сауаттылықты арттыруға бағытталған видеоматериалдар жасалып, таралу және қамтылу аумағын кеңейтті.

**2. Әлеуметтік жобаға, әлеуметтік бағдарламаға қатысушылар бөлінісінде статистикалық ақпарат:**

Гендерлік көрсеткіш		
Жобаға қатысушылардың саны барлығы	Ерлер	Әйелдер
50	30	20

Социальный статус по категориям											
Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Балалар (оның ішінде мүгедек балалар)	Жастар	Мемлекеттік қызметшілер	Бюджеттік ұйым жұмысшылары	Мүгедектер	Жасы үлкен адамдар (50 жастан және одан жоғары), оның ішінде:	Бүкіл жобаға қатысушылар саны	Оның ішінде			
								Жұмыссыздар	Қоғамдық ұйымдардың өкілдері	Бизнес-сектор өкілдері	Басқа санаттар
50		45	45	5	-	-	-	-	-	-	-
возрастной показатель:											
Жобаға қатысушылардың саны барлығы					13-16 жас	17-22 жас	23-27 жас	28-32 жас	33-45 жас	46-58 жас	59 жас және жоғары
50					-	5	26	15	4	-	-

### 3. Жоба нәтижелері:

**1) көрсетілген нысаналы топтар жобаны іске асыру барысында алған нақты нәтижелер (сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, сапалық көрсеткіштерді сипаттай отырып):** әлеуметтік жобаны іске асыру барысында 50 дін саласына қатысты қызметкер әлеуметтік желіні жүргізу мен ұйымның қоғаммен байланысын дамыту бойынша біліктілігін арттыруға бағытталған семинардан өтті. Тақырыпты қамту үшін беделді органдар әзірлеген материалдарды интернет кеңістігінде ұйымдастырылып, таратылды. Тұрғындар арасында тарату үшін ақпараттық-тарату материалдар әзірленіп, дайындалды.

**2) жобаның іске асыру барысында шешілетін проблемаға ұзақ мерзімді әсері (жобадан туындаған қандай да бір саладағы болжамды оң / теріс өзгерістердің негіздемесі):** әлеуметтік желіде позитивті діни контент пен радикалды көңіл-күйді азайтуға бағытталған іс-шаралар желі қолданушыларының діни сауаттылығын арттыруға, зайырлы қоғамның құндылықтарын ұғуға зор мүмкіндік алады.

**3) іске асырылған жобаның әлеуметтік-экономикалық әсері:** Жобаны іске асыру негізінен өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға оң әсер етеді.